

ШҚО мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының
«Шығыс Қазақстан облыстық балалар және жасөспірімдер
кітапханасы» КММ

Ақпараттық-библиографиялық орталық



(5-7 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН
ӘДЕБИЕТТЕРДІҢ ҰСЫНЫС ТІЗІМІ)

Өскемен қаласы, 2018



**Шығысқазақстандық балалар жазушысы
МАРАТ ҚАБАНБАЕВТЫҢ 70 жылдығына орай
құрастырылған әдебиеттердің ұсыныс тізімі.**



АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті оқырман! Шығыстан шыққан таланттар шоғырының ішінде жазушы Марат Қабанбаевтың орны қашан да бөлек. Ол – көрнекті балалар жазушысы. Кейде таза да мәлдір әлемді аңсаған оқырманның Марат Қабанбаевтың кітаптарын қолына алатыны да сондықтан. Тегінде балаларға арнап шығарма жазу, балалар жазушысы атану кез келген қаламгердің мандайына жазыла бермейтін несібе болса керек. Өйткені, мынау өмірдегі барлық құбылыстарға баланың көзімен қарау үшін жазушының да көнілі кіршікіз, жүргі таза болуы тиіс. Бұл тұрғыдан алғанда, Марат Қабанбаевты бағы жанған жазушы деуге әбден болады. Ол балаша ойлап, балаша сөйледі. Баланың табиғатын жақсы түсінді. Балалар әдебиетінде өнімді еңбек еткен Марат Қабанбаевтың туғанына биыл 70 жыл. Жазушының мерейтойына орай, Сіздердің назарларынызға «Сөнбес сәуле» атты 5-7 сынып оқушыларына арналған әдебиеттердің ұсыныс тізімін ұсынамыз.

Ұсынылып отырған әдебиеттердің тізіміне кітапхана қорында бар әдебиеттер мен түрлі мерзімді басылымдардан алынған мәліметтер енгізілген.

Осы әдебиеттердің ұсыныс тізімі бойынша ұсыныспікірлерінің болса, төмендегі мекен-жайға хабарласуларынызға болады:

*Ескемен қаласы,
Космическая кошесі, 6/2
Шығыс Қазақстан облыстық балалар және
жасөспірімдер кітапханасы
Ақпараттық-библиографиялық орталық*

МАРАТ ҚАБАНБАЙҰЛЫ (1948-2000)

ӨМІРБАЯНЫ

МАРАТ ҚАБАНБАЕВ -

Қазақтың көрнекті балалар жазушысы, Қазақстан Жазушылар одағы М.Әуезов атындағы әдеби сыйлығының лауреаты, Х.Андерсен атындағы халықаралық сыйлықтың иегері, Қазақстан Республикасы Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитет пен «Жалын» баспасы бірігіп жариялаған бірнеше жабық сайыстың жүлдегері. Ол 1948 жылдың 22-шы наурызында Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданы Қараңгір ауылында өмірге келген. Балалық шағы қыыншылықпен өткен, әкесі Қабанбай соғыстан жараланып қайтады да, біраз жыл ауырып, қайтыс болады. Сонында үйелмелі-сүйелмелі жеті бала шешелерінің қарауында қалады. Анасы Әшен ол кезде «Қызыл отауда» кітап таратушы болып істейтін. Бір жолы жұмыс бабымен аязды күні жолға шығып екі аяғын үсітіп, жарымжан болып қалады. Марат Қабанбаев анасына көмектесу мақсатында құрылышта жұмыс істеп, кірпіш құяды. Қараңгір ауылының орта мектебінің сегізінші сыныбынан кейін оқуын жалғастыра алмай қалады. Сөйтіп, сегізінші сыныптан соң кешкілік оқуға ауысады. Марат Қабанбаев жастайынан кітапты көп оқыды. Мұның бірінші себебі, анасының кітап тасуши болғаны болса, екінші себебі өмірдің ауыртпалығын сәл де болса кітап арқылы женілдету болған тәрізді.



1966-1968 жылдары Зайсан аудандық «Достық-Дружба» газетінде корректор, тілші, онан кейін бөлім менгерушісі болып қызмет істейді. 1975 жылы Қазак мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітіріп, «Жалын» баспасында, «Жұлдыз» журналының редакциясында қызмет істейді. 1987-1994 жылдары шығармашылық жұмыспен айналысты. 1995—1997 жылдары «Ана тілі» газеті бас редакторының орынбасары, 1999 жылдан бастап өмірінің соңына дейін «Солдат» газетінің бас редакторы болып істейді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ: КИТАПТАРДАН:

Барбосынова Қ. Т. Марат Қабанбаев - балалар жазушысы [Мәтін] / Қ. Т. Барбосынова // Чистяковские чтения: материалы регионального семинара (14 апреля 2007 года) Министерство образования и науки Республики Казахстан, Казахстанско-Американский свободный университет. - Усть-Каменогорск, 2007. – Б. 133.

Қабанбайұлы, М. [Мәтін]: өміrbаяны // Кер маралдай керілген = Писатель с душой мальчишки. - Алматы, 2008. - 24 б.: портр.

Аннотация: Марат Қабанбайұлының 60 жылдық мерей тойына арналған библиографиялық құрал.

Қабанбайұлы, М. [Мәтін]: өміrbаяны // Шығыс жұлдыздары: энциклопедиялық анықтамалық. 1-т. Сөз зергерлері. Мәдениет майталмандары / құраст.: Ұ. Есдөulet, Қ. Құрмансейіт, Д. Кәпұлы; ред. Қ. Құрмансейіт. - Астана, 2011. – Б. 98.

Аннотация: Балалар жазушысы Марат Қабанбаев туралы мәлімет.

МЕРЗІМДІ БАСЫЛЫМДАРДАН:

Әлмағамбетова, Р. Балаларды және кітапты сүйетін [Мәтін] / Р. Әлмағамбетова // Бала би. - 2013. - № 7. - Б. 32.: портр..

Аннотация: Балалар жазушысы Марат Қабанбаев туралы мәлімет.

Сақажанова, Әмина. Қайталанбайтын талант [Мәтін] / Ә. Сақажанова // Егемен Қазақстан. - 2013. - 12 сәуір (№105). - Б. 7.

Аннотация: Мақалада балалар жазушысы Марат Қабанбаев туралы.


Кер маралдай керілген = Писатель с душой мальчишки [Мәтін]: библиогр. құрал. - Алматы, 2008. - 24 б.: портр.

Аннотация: Марат Қабанбаевтың 60 жылдығына орай.

Мұқашева М. Балалардың сүйікті жазушысы. [Мәтін]: [Жерлесіміз М. Қабанбаев туралы] / М. Мұқашева // Дида. - 1999. - 1 маусым. - Б.3.

Тілегенқызы, Г. Бала жаңының жаршысы... [Мәтін] / Г. Тілегенқызы // Дида. - 2003. - 29 наурыз. - Б. 8.

Аннотация: Балалар жазушысы Марат Қабанбаевтың өмірбаяны берілген.





Courtesy Photo



ШЫГАРМАШЫЛЫҒЫ

Жазушы Марат Қабанбаев балалар мен



Алматыдағы жылдар

жасөспірімдерге арнап «Арыстан, мен, виолончель және қасапхана», «Бақбак басы толған күн», «Жиһанкез Тити», «Қала және Қыз бала», «Еркін сабак», «Сурет салғым келмейді», «Атлантиканың аргы жағы, бергі жағы»

секілді повестер мен әңгімелер, «Кермек дәм», «Айшылық алыс жол» сынды романдар жазды. 1990 жылы қазақ жазушылары, қала берді, бүкіл түркі әлемі қаламгерлерінің ішінен бірінші болып халықаралық Андерсен атындағы сыйлыққа ие болған да - Марат Қабанбаев.

Қара сөздің has шебері, жерлесіміз Марат Қабанбаевты қалай құрметтесек те жарасымды.

Марат Қабанбаев тіршілігінде шығармашылығын басты орынға қоятын, жанын аямай енбектеніп, ізденетін, кітапқұмар адам болған. Ол нені болса да шынайы сезініп, журрегінен өткізіп барып жазатын. Бомждар өмірін жазу үшін жертөлелерге солармен бірге түнеп, әңгімелерін тындалап қайтатын.



Алғашқы көркем шығармасы «Сөну» атты әңгімесі 1966 жылы «Жүлдыш» журналында жарияланған. Содан

бастап жас қаламгердің әнгіме-повестері республикалық баспасөз беттерінде жарияланып, оқырмандар назарын аударып келді. Көркем туындыларын негізінен балалар мен жасөспірмдерге, одан қалса жастарға арнал жазған. Оны оқырмандарға алғаш рет балалар жазушысы ретінде танытқан «**Бақбақ басы толған күн**» атты повесі болды. Жабық конкурста жүлделі орынға ие болған бұл туындыдағы бейнелі суреттермен бірге өмірге еркелеп өсіп келе жатқан ауыл баласының жан дүниесіндегі қарапайым құбылыстарды көркемдеп жеткізу М.Қабанбаев қаламына тән таланттан хабар бергендей еді. Кіші жастағы балаларға арналған шағын повесте қазак ауылында жиі кездесетін өмір шындығы, езу



тартқызыар көріністер барышылық. Осындағы соғыс ардагері Қоқай бейнесіндегі өмір шындығын әзілмен беру тәсілі сәтті шыққан.

Оның «**Арыстан, мен, виолончель және қасапхана**» повесі өзінің жазылу формасымен, стильдік машиғымен ерекше көрінеді. Жазушы шығармашылығына тән нышандардың бірі – образ жасау барысындағы көркемдік құралдарды әр қырынан пайдалана отырып, адамның жан дүниесін, психологиялық құбылыстарын мейлінше ашып көрсете білу. М.Қабанбаев өзінің жас кейіпкерінің балалық іс-әрекеттерін, мінез-құлқын жалаң суреттеумен шектеліп қалмайды, жас кейіпкердің психологиясын жазушының кейде күрделендіріп бейнелеуге тырысатындығы бар. «Арыстан, мен, виолончель және қасапхана» повесінің кейіпкері Асан Қайырсынов қасапхананы өртемек болады. Осы тентектігі үшін мектеп ұжымы оған алғыс жариялайды. Асанның



әлгіндей әрекетке ұмтылуы – шығармадағы психологиялық дәлел.

Повесте образдарды шендестьре отырып, психологиялық түрғыдан дамытатын қызықты ситуацияның бірі – адам мен жануардың мінез-қылышын қарама-карсы қою, олардың психологиясындағы даму эволюциясын салыстыра отырып, суреттеу. Повестегі бала Шыңғысхан мен төбет ит Арыстан – бір-біріне қарама-карсы алынған кейіпкерлер. Адам мен жануардың образдарын, психологиялық эволюциясын бір-біріне қарама-карсы қойып суреттеу үрдісі қазақ балалар прозасында жиғ ұшыраспайды.

Жазушының кейіпкерлері өмірге көбінесе көркем образben, өз қиялдарымен ойша сурет сала алатын, эрудит, қиялышыл жандар. Кез-келген құбылышқа әсерленіп, өмірді бейнелі түрде қабылдай алатын олар сол құбылыштан өздерінше бояуы қанық сурет сала біледі.

Бұл психологиялық-моральдық құбылыштың накты мысалын жазушының **«Сурет салғым келмейді»** повесінен байқалады. Адам баласының табиғатқа катігездік жасауы М.Қабанбаевтың көптеген шығармаларының көркемдік лейтмотиві сынды. Жазушы табиғатқа жасалған катігездіктің астарында адам ұрпағының трагедиясы жатқанын түспалдалап отыруға бейім. Марат Қабанбаевтың «Сурет салғым келмейді», «Еркін сабак» повестері – бала жанының күрделілілігін суреттей отырып, бала психологиясын тап басқан сәтті шығармалар.




Сурет салғым келмейді

«Сурет салғым келмейді» повесінің бас кейіпкері – Ержан атты окушы бала. Оку жылының соны. Соңғы сурет сабағы. Ержанның жан дүниесіне ерекше әсер еткен атақты суретші Орал Таңсықбаевтың суреттері. Көсілген кен

жазық, сенгір-сенгір ақбас таулар суреттен бейне бір мөнлү күй шертіп тұрғандай. Баланың жан дүниесінде сурет салуға деген бір құмарлық, шабыт ұшқыны оянады.

Бірақ ала жаздай үй жұмысымен айналысып, кірпіш құйып, су тасып жүрген Ержан ағайының берген тапсырмасын орындаі алмайды. Яғни, осы жағдайдың астарында өнерге бейім адамның жан дүниесі қара жұмыспен қабыспайды деген ой жатқаны анғарылады. Себебі ешқандай рухани ләззат сыйламайтын, тек бейнеті басым қара жұмыс адамды еріксіз қажытады. Табиғатынан өнерге бейім, сұлулыққа інкәр жас жеткіншектің адамды қажытатын қара жұмысты түйсікіздікпен ойланбай істей беруі моральдық тұрғыдан да ауыр болатындығы оның шығармаларында елеулі проблемаларға айналады. Оның қиял-түйсігін шектеп, дүниеге әсемдікпен қарауға, сол әдемілікті танып, соған рухани тұрғыдан сүйсінуге жібермейтін де – осы бейнетті еңбек. Бұл кеңес дәуіріндегі балалар әдебиеті үшін батыл айтылған тосын ой еді.



Марат Қабанбаевтың «**Қала және ұза бала**» атты жинағына жиырмасыншы ғасыр соңындағы жасөспірімдердің рухани дүниесін әр қырынан сипаттап көрсетуге арналған бірнеше әңгімелері енгізілген. Күнделікті өмірдің жекелеген сәттерін бейнелеу арқылы реалистік суреттер жасайтын бұл шығармалардың бір жағы символдық мәні де сезіліп отырады. Мәселен, «Се ля ви» әңгімесі «Тен тенімен, тезек қабымен» дейтін ежелгі қазак мақалының қазіргі кездегі жүзеге асуын кейбір жастардың көзқарас үйлесімділігі арқылы сездірсе, «Бауыр» деген шығармасы «Өзіңнен туған жас бала сақалы шығып, жат болмас» деген қанатты сөздің ацы шындығын көлденен тартады. «Ескі бәтіңкеде» тұрмыстың сырт көрінісі

адамның көніл күйіне де әсер ететіндігі, кей сэтте пендешілікке бет бұру үшін бір ғана ұсақ болмашы нәрсенің жетіп жататындығы шағын детальдармен көрсетіледі.

Жалпы бұл жазушының талданып отырған шығармаларындағы кейіпкерлер – замана ағысына ілесе білетін, өмірге жадағай көзқараспен қарауды шынымен қомсынатын, сондыктан да өз қатарларына қарағанда ылғи да озық ойлауга тырысатын жеткіншектер.

«Атлантиканың арғы жағы, бергі жағы» деп аталағын повестің негізгі желісі Кенес заманындағы баланың капиталистік шетелді, атап айтқанда, Америка Құрама Штаттарын көріп қайту сапарына құрылған. Шығарманың танымдық жағымен бірге психологиялық сэттерінің де көркемдік идеялық мақсатқа қызмет еткенін айта кету керек. Осы сапарда бас кейіпкер Ақан деген баланың басынан кешкен қызықты әрі құрделі оқиғалары психологиялық тұрғыдан да повестің салмағын арттыра туksen деуге болады.

Ақан бейнесі – романтикалық әрі реалистік образ. Өйткені повесте шынайы өмір көріністері де, киялдаудан туған оқиғалар да ұшырасады.

Жарым түнде соғылған телефонның бейmezгіл безектеуі әрі көкесінің айтуынша, мұхиттың арғы жағы, Нью-Йорк қаласынан соғылуы оқиғаның тосын жағдаймен, қым-қиғаш оқиғалармен басталғанынан хабар бергендей.



1990 жылы Марат Қабанбаев **«Пысық болдым, мінеки»** повесі үшін балалар әдебиеті жөніндегі халықаралық сыйлықтардың ең жоғарғыларының бірі болып саналатын Христиан Андерсен атындағы Құрмет дипломымен наградталды.

Кіші Нобель сыйлығы деп аталатын бұл сыйлықты 2 жылда бір рет ЮНЕСКО-ның ұйымы болып табылатын Халықаралық Кенес береді.

«Пысық болдым, мінеки» повесінде адамгершілік-моральдық мәселелер ауыл өміріндегі шағын оқигалар арқылы көлдененде отырады. Бас кейіпкер Досанның өмірге деген қозқарасын моральдық тұрғыдан тиянакты деп бағалаған күнде де, маңызды адамгершілік жайттарды сактап қалу үшін оның кейде ішінара ауытқып кететін тұстары да жоқ емес. Әз жанына әмір бермейтін мазасыз, жалқаулықтан, тынымсыз бала кейде үлкендермен арадағы шет-шекараны анғара бермейді.

Шығармадағы Досан бейнесі арқылы адамгершілік мәселесі шыққан. Еңбекке немесе таза өнер мен мәдениетке қатысты тұстары некен-саяқ. Сондықтан да осы туынды адамгершілік мәселелерін белгілі бір деңгейге дейін шынайы көтере алуымен жас оқырман үшін бағалы деуге болады. Бас кейіпкері Досан – кәдімгі ауылды жерде жиі кездесетін еті тірі, қимылды ширак, пысық жасөспірім. Оның айналасындағы балалардың ішінен Өзіне ептеп ықпал жасайтыны – Тілеш-Ушбас сияқты бала ғана. Жазушы өмірдің ұсак-түйек құлықтарын бас кейіпкерінің еріксіз менгеруге мәжбүр болғанын шынайы түрде суреттейді. Онсыз да еті тірі бала туған апайы Әйешті айналадағы жігіттердің түрлі шабуылдарынан қорғап қалу үшін әр алуан айла-шарғыға баруға мәжбүр. Ол айла-шарғылары әр оқиғадан кейін күрделеніп, терендей түседі. Кейіпкер болмыс-бітімінің де күрделенуі осылайша нақты оқигалар арқасында жүзеге асып жатады.

«Пысық болдым, мінеки» повесіндегі Досан Асылтаев алғашында осылайша «мазасыз, қырсық» жан болып көрінетіні рас. Әйтсе де оның жұртқа тосын, оқыс көрінер қимыл-қарапеті, сөздерінің түп-төркіні

намысқойлықта, адалдыққа, әділдікке деген құштарлықта жатыр. Оның қырысқытығын ішкі психологиялық буырқанысты сыртқа шығару нысаны деп кана үккән жөн.

Тракторшылар Семейхан мен Қасеннен әдемі әпкесі Әйешті қызығанып, бала Досанның күйінетін себебі де айқын. Бала болса да екі жігіттің бойындағы керегарлықты, сондай-ақ шынашақтай шымыр Қайшаның ширақ адам екендігін тап басып тани алады.

Қолды-аяққа тұрмайтын пысық баланың ересек жігіттерді шаң қаптырып кету әрекетін суреттеуде әзіл-оспақ басым. Тіпті ыза болса, үлкен адамдарды балағаттап жіберу, ересек кісі екен деп қарамай, жалған айтып, алдай салу, тағы сол сияқты әдептілікке жатпайтын қылыштарға бару – Досан үшін түк емес. Бірақ ол мұның бәрін біреуге қастандық ойлағаннан, тісін басып, өш алғысы келгеннен жасамайды. Негізінен апайы Әйешті қызығыштай қорып, қорғап қалу үшін я болмаса кейде қызық үшін істей салып, қарап отырады.

«*Tau еркесі*» әңгімесіндегі бас кейіпкер Саматтың бойында белгілі бір типтік бейнеге тән нышандар бар. Ағасы Орашпен анға шықкан Самат жазықсыз қаза болған тау еркесі арқарды көріп, қатты уайым шегеді. Екінші рет анға шықпасқа ант береді. Тау еркесінің көрініс беруі бала жан дүниесіне әсер еткенін жазушы нанымды, шынайы кестелеген.

Самат сияқты баланың жан-дүниесіне табиғат сұлулығының қаншалықты әсер еткендігін жазушы осындай бейнелі тіркестер арқылы жеткізген. Арқар сұлулығын қабылдай білу арқылы жанама мінездеу жолымен Самат харakterі, образы да біршама айқындалып тұр.

Марат Қабанбаев кішкентай балаларға да арнал шығармалар жазған жазушы. Оның



нақты мысалы үлкен қаладағы кішкентай баланың дүниетанымынан хабар беретін «Жиһанкез Тити» повесінен көрінеді.



Жазушының бірсыыпра шығармасы ересектер тақырыбына арналған. Мысалы, «Кермек дәм» романы студенттік құрылыш отрядында жұмыс істеп жүрген студент жастар өміріндегі толқыималы сәттерді бейнелесе, «Айшылық алыс жол» романында қоғам дерті болдып табылатын түрлі әлеуметтік мәселелерді көлденен тартады. Бұл шығарманың бір ерекшелігі - фольклорлық элементтерді пайдалануы. «Зая атылған оқ» әңгімесі соғыс ардагерінің бейбіт замандағы көніл күйін, оның кейінгі кезенге деген көзқарасын бейнелейді.



Жабық сайыста жұлделі орынға ие болған «Бақбак басы толған күн» повесіндегі бейнелі суреттермен бірге өмірге еркелеп есіп келе жатқан ауыл баласының жан дүнесіндегі қарапайым құбылыстарды бере білуі Марат Қабанбаев қаламына тән талант еді. Осындағы соғыс ардагері Қокай бейнесіндегі өмір шындығын жазушының әзілмен беру тәсілі сәтті шыққан.

Атақты балалар жазушысы А. Алексин, Ш. Бейшеналиев (Қырғызстан), Б. Чалый (Украина), Э. Рауд (Эстония) және шетел балалар жазушылары Туве Янсон, М. Грипе, А. Линдгрендердің тобына алғаш рет қазақ балалар жазушысы Марат Қабанбаев қосылды.

Марат Қабанбаевтың шығармалары неміс, украин, молдаван, латыш, өзбек тілдеріне аударылған.



ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

МАРАТ ҚАБАНБАЕВТЫҢ ШЫГАРМАЛАРЫ:

Қабанбаев М. Бақбак басы толған күн [Мәтін]: повестер мен әңгімелер / М. Қабанбаев. - Алматы, 2006. - 160 б. - (Балалар әдебиеті).

Қабанбаев, М. Бауыр [Мәтін] / М. Қабанбаев. - С. 193

Қабанбаев М. Жиһанкез Тити [Мәтін]: повестер мен әңгімелер / М. Қабанбаев. - Алматы, 1982. - 204 б.

Қабанбаев М. Қала және қызы бала [Мәтін]: повестер мен әңгімелер / М. Қабанбаев. - Алматы, 1984. - 224 б.

Қабанбаев М. Тұған жердің төрт мезгілі [Мәтін]: хикаялтар мен әңгімелер / М. Қабанбаев. - Алматы, 2004. - 192 б. - (Казак прозасы қазынасынан).

Аннотация: Бұл туындыда кішкентай замандастардың тыныс-тіршілігі, арман-қиялы, үрпақ алдындағы ата-ана парызы, сондай-ақ жастар өмірінің қырсыры суреттеледі.

Қабанбаев М. Шығармалары [Мәтін]. Т.1 / М. Қабанбаев. - Алматы, 2013. - 320 б.

Қабанбаев М. Шығармалары [Мәтін]. Т.2. / М. Қабанбаев. - Алматы, 2013. - 320 б.

Қабанбаев М. Шығармалары [Мәтін]. Т.3. / М. Қабанбаев. - Алматы, 2013. - 320 б.

Қабанбаев, М. Шығармалары [Мәтін] / М. Қабанбаев. 4-т.: Айшылық алыс жол: роман. - Алматы, 2015. - 320 б.: портр.

Қабанбаев, М. Шығармалары [Мәтін] / М. Қабанбаев. 5-т.: Кермек дәм: роман. - Алматы, 2015. - 320 б.: портр., т.б.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ:

Ақыш Б. Балалар прозасындағы балалар образы және эстетикалық концепция [Мәтін] / Б.Ақыш // Білім-Образование. - 2001. - №2.- Б.23-25.

Ақыш, Ботагөз. Көркемдік қолтаңбасы [Мәтін] / Б. Ақыш // Жұлдыз. - 2002. – №2. - Б.141-152.

Аннотация: Марат Қабанбаевтың шығармашылығына талдау жасалған.

Қамзина, Сәуле. Марат бомж туралы жазу үшін бомждармен бірге жертөлеге түнеп шықкан еді [Мәтін] / С. Қамзина // Жұлдыздар отбасы. - 2017. - №19. - Б. 11-14.

Мәмбет, С. Кер маралдай керілген Марат еді [Мәтін] / С. Мәмбет // Егемен Қазақстан. - 2000. – 25 маусым. - Б.3.

Аннотация: Марат Қабанбаевтың шығармашылығы туралы.



Садығұлова А.Ш. М. Қабанбаев повестеріндегі бала психологиясының көркемдік әлемі [Мәтін] / А. Ш. Садығұлова // Педагогика және оқушы психологиясы. - 2012. - № 2. - Б. 36-37.

Сәукетаев, Тұрысбек. Бір повесінің қолжазбасын жоғалтып алғанда катты қайғырды [Мәтін] / Т. Сәукетаев // Жүлдіздар отбасы. - 2017. - №19. - Б. 15-16.

Сәукетаев, Тұрысбек. Қарасөздің Қабанбайы [Мәтін] / Т. Сәукетаев // Егемен Қазақстан. - 2008. - 25 сәуір(№14). - Б.10.

Аннотация: Марат Қабанбаевтың творчествосы туралы.

Төлегенова, Б. Марат Қабанбайдың «Пысық болдым, мінеки» повесіндегі көркемдік тәсілдер [Мәтін] / Т. Сәукетаев // Қазақ тілі мен әдебиеті. - 2005. - №8. - Б.80-91.

Аннотация: Марат Қабанбаевтың шығармасы туралы.

МЕРЗІМДІ БАСЫЛЫМ БЕТТЕРІНЕН:

Қабанбаев, Марат. Бұл зиялы - қай зиялы? [Мәтін]: мәні жоғалмаған 1994 жылғы мақала / М. Қабанбаев // Ақиқат. - 2014. - №5. - Б. 20-26.: портр.

Аннотация: Марқұм М. Қабанбаевтың 1994 жылды жарияланған мәні жоғалмаған мақаласы берілген.

Қабанбаев, Марат. Емдел, қазақ! [Мәтін]: мақала / М. Қабанбаев // Ақиқат. - 2015. - №3. - Б. 58-60.: портр.

Қабанбаев Марат. Сөну [Мәтін]: әңгіме / М. Қабанбаев // Жүлдіз. - 1966. - № 8. - Б. 92-96.



**Мекен-жайымыз:
Өскемен қаласы,
Космическая көшесі, 6/2
ШҚО мәдениет, архивтер және құжаттама
басқармасының
«Шығыс Қазақстан облыстық балалар және
жасөспірімдер кітапханасы» КММ
Байланыс телефоны: 8(7232)75-96-17
E-mail: childrenlibrary@mail.ru
Сайт: www.vkolibrare.kz**



Құрастырған және компьютерде

өндеген: Ж. Б. БУХАНОВА

ақпараттық-библиографиялық орталықтың

жоғары дәрежелі библиографы

Жауапты: К. Б. МУКАШЕВА

кітапхана директоры м. а..

Тексерген: А. Н. АБДАКЕРОВА

аудармашы